

Банктің қаражаты есебінен заңды тұлғаларға және кәсіпкерлік қызметті заңды тұлға құрмай жүзеге асыратын жеке тұлғаларға (банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғаларды және жасалуына Банктің мүддесі бар мәмілелерді қоспағанда) кредит беру кезінде «Jusan Bank» АҚ (бұдан әрі -Банк) қолданатын комиссиялар мен айыппұл санкциялары.

№ р/б	Комиссиялар мен айыппұл санкцияларының тізімі	Комиссиялар мен айыппұл санкцияларының мөлшері	Комиссиялар мен айыппұл санкцияларын төлеу тәртібі	
1. Клиенттің өтінішін қарастыру және қаржыландыру ұсыну кезінде алынатын комиссиялар				
1.1.	Қарызды ұйымдастыру үшін	қаржыландыру лимитін белгілеген кезде - БКК/БКК шеңберінен тыс БҚШ сомасынан	100 000 000 (жүз миллион) теңгеге дейін қоса алғанда - 1 (бір) % (min - 50 000 (елу мың) теңге)	біржолғы, БКК/БКК шеңберінен тыс БҚШ жасасу күнінде
		қаржыландыру лимитін ұлғайтқан кезде - бекітілген ұлғайту сомасынан	100 000 000 (жүз миллион) теңгеден жоғары - 0,5 (нөл бүтін оннан бес) % (min - 1 000 000 (бір миллион) теңге, max - 6 000 000 (алты миллион) теңге)	біржолғы, БКК/БКК шеңберінен тыс БҚШ-қа қаржыландыру лимитін ұлғайту туралы қосымша келісім жасасу күнінде
<p><i>Ескертпе:</i></p> <p>1) Аралас БКК¹ бойынша лимит белгілеген/лимит сомасын ұлғайтқан жағдайда осы құжаттың 1.1.т. сәйкес комиссия алынады</p> <p>2) БКК/БКК шеңберінен тыс БҚШ сомасын азайтқан кезде осы құжаттың 2.3.т. сәйкес комиссия алынады</p>				
1.2.	Қарызға қызмет көрсетумен байланысты ағымдағы шоттарды ашу және жүргізу үшін	Клиент пайдаланатын тарифтік жоспарға сәйкес	-	
2. Қаржыландыру шарттарын өзгерту кезінде, оның ішінде кепілзаттық қамтамасыз ету бойынша шарттарды, қаржыландырумен және кредит бергеннен кейінгі қызмет көрсетумен байланысты басқа шарттарды өзгерту кезінде алынатын комиссиялар				
2.1.	БКК/ұсынылған қарыз шарттарын өзгерту үшін (қарызды өтеу кестесін, қарыз валютасын, сыйақы мөлшерлемесін өзгерту, қаржыландыру мерзімін өзгерту, қолжетімділік кезеңін ұзарту)	БКК лимитінен (ашық қолжетімділік кезеңімен)/ БКК шеңберіндегі барлық БҚШ негізгі борышының қалдығынан (жабық қолжетімділік кезеңімен)/БКК шеңберінен тыс БҚШ бойынша негізгі борыш қалдығынан 0,2 (нөл бүтін оннан екі) % (min - 20 000 (жиырма мың) теңге, max - 3 000 000 (үш миллион) теңге)	БКК/БКШ-қа қосымша келісім жасасу күнінде	
2.2.	Қарыз бойынша кепіл зат(-тар)ының шарттарын өзгерту бойынша мәселені қарастыру үшін, сондай-ақ кепіл зат(-тар)ын, кепілзат берушіні (берушілерді) ауыстырған кезде		Банктің УО шешімін орындау күнінде	
2.3.	Басқа шарттарды, оның ішінде Клиентпен (Бірлесіп қарыз алушымен), Кепілгермен (Кепіл болушымен) байланысты шарттарды өзгерту үшін, сондай-ақ ерекше шарттарды орындау шарттарын өзгерту үшін		Банктің УО шешімін орындау күнінде	
2.4.	БҚШ-тың кестесі бойынша төлем күнін бір күнгізбелік айдың ішінде өзгерту үшін. Қарызды өтеу әдісін өзгерту (қарызды өтеу шарттарын өзгертусіз).	БҚШ бойынша негізгі борыш қалдығынан 0,05 (нөл бүтін жүзден бес) % (min - 10 000 (он мың) теңге max - 300 000 (үш жүз мың) теңге)	Банктің УО шешімін орындау күнінде	

Ескертпе:

1) БКК/БҚШ-та қарастырылған бірнеше шарттарды (2.1.-2.4.т.) өзгерткен кезде, комиссиялар қосылмайды, осы құжаттың 2.1.-2.3.т. белгіленген мөлшерде бір (бірыңғай) комиссия алынады.

2) Кепілзаттық қамтамасыз ету (осы құжаттың 2.2.т.) бірнеше БКК/БҚШ бойынша қамтамасыз ету болып табылса, комиссия мөлшері барлық БКК-тің (ашық қолжетімділік кезеңімен) жиынтық лимитіне/БКК шеңберіндегі барлық БҚШ негізгі борыш қалдығына (жабық қолжетімділік кезеңімен)/БКК шеңберінен тыс жасалған БҚШ бойынша негізгі борыш қалдығына байланысты анықталады.

3) Кепілзаттық қамтамасыз ету (осы құжаттың 2.2.т.) аралас БКК¹ бойынша қамтамасыз ету болып табылса, комиссия осы құжаттың 2.2.т. сәйкес алынады.

4) БКК/БКК шеңберінен тыс БҚШ бойынша лимит сомасы ұлғайған кезде, сондай-ақ БКК/БҚШ басқа шарттары өзгерген жағдайда (осы құжаттың 2.1.-2.4.т.) осы құжаттың 1.1.т. сәйкес бір комиссия ұсталады.

5) Аралас БКК¹ шеңберінде құралдардың бірінің шарттары ғана өзгертуге жатса (БҚШ/БКШ), комиссия аралас БКК¹ шеңберінде жасалған БҚШ қалдығынан, осы құжаттың 2.1.-2.4.тармақтарында қарастырылған мөлшерде немесе БКШ/Кепілдіктерді (бұдан әрі -Кепілдіктер)/Қарсы кепілдіктерді/Аккредитивтерді ұсынған кездегі комиссиялар мен айыппұл санкцияларының мөлшерін бекітетін осы құжаттың 2.1.-2.3.тармақтарына сәйкес аралас БКК¹ шеңберінде берілген басқа құрал сомасынан есептеледі.

6) Осы құжаттың 2.1.тармағында белгіленген комиссияларға қатысты, өзгертулер БКК бойынша қолжетімділіктің жабық кезеңін жаңартумен және ұзартумен байланысты болса, комиссия мөлшері БКК лимитінен белгіленеді.

3 Айыппұл санкцияларының күшін толық/ішінара жою/кешіру үшін комиссия/айыппұл санкцияларын талап етпеу			
3.1.	Айыппұл санкцияларының күшін толық/ішінара жою/кешіру үшін комиссия/айыппұл санкцияларын талап етпеу	жоқ	
4. Анықтамалар беру және кредит беруден кейінгі қызмет көрсету бойынша басқа қызметтер үшін ұсталатын комиссиялар			
4.1.	Клиенттің өтініші бойынша кепілзаттық қамтамасыз ету болып табылатын көлік құралының тіркеу нөмірін ауыстыруға, көлік құралын тіркеу туралы куәлікті қайта ресімдеуге, көлік құралының жоғалған құжаттарын қалпына келтіруге рұқсат беру туралы анықтаманы беру үшін (о.і. ҚКС)	әр құжат үшін 3 000 (үш мың) теңге	
4.2.	Клиенттің өтініші бойынша жеке тұлғаның тұрғылықты мекенжайы бойынша тіркеуге (тіркеуден алуға), кепілзаттық қамтамасыз ету аумағында жүргізілген қайта жоспарлауды, құрылыстарды, қосалқы құрылыстарды заңдастыруға келісім туралы анықтаманы беру үшін (о.і. ҚКС)	анықтаманы/құжатты ұсыну күнінде	
4.3.	Клиенттің басқа да сұраныстары бойынша келісім ұсыну үшін		
4.4.	Клиенттің өтініші бойынша Клиенттің кредиттік досьесінде қамтылатын кепіл затына құқық белгілеуші құжаттарды беру үшін (Банк бөлімшелерінің ескертпелерін жою және БКК/БҚШ-та қарастырылған ерекше шарттарды орындау үшін құжаттарды беру жағдайын қоспағанда) (о.і. ҚКС).		
4.5.	Клиенттің өтініші бойынша Клиенттің БҚШ бойынша берешекті өтеу есебіне жіберген ақшаны бөлу туралы (негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияларға, тұрақсыздық төлемдеріне, айыппұлдарға және мерзімі кешіктірілген төлемдерді көрсете отырып төленуі тиіс басқа да сомаларға бөле отырып) құжатты (несие шоты бойынша үзінді көшірмелер) беру үшін	айына 1 (бір) рет -тегін айына 1 (бір) реттен көп - әр сұраныс үшін 2 000 (екі мың) теңге	
4.6.	Клиенттің қарызды ішінара немесе толық мерзімінен бұрын өтеу туралы өтініші бойынша – қайтарылуы тиіс соманың мөлшері туралы анықтама (негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияларға, тұрақсыздық төлемдеріне, айыппұлға және мерзімі кешіктірілген төлемдерді көрсете отырып, төленуі тиіс басқа сомаларға бөле отырып)	тегін	-
4.7.	Клиенттің өтініші бойынша несие берешегі туралы өтінішті беру үшін (о.і. ҚКС)	Клиент пайдаланатын тарифтік жоспарға сәйкес	-
4.8.	Клиенттің басқа да сұраныстары/өтініштері бойынша анықтаманы ұсыну		
5 БКК/БҚШ шарттарын орындамағаны/тиісті түрде орындамағаны үшін тұрақсыздық төлемі (айыппұл, өсімақы)			
5.1.	Негізгі борышты уақтылы өтеу және (немесе) сыйақы төлеу бойынша міндеттемелерді бұзғаны үшін өсімақы	Занды тұлғалар үшін	
		мерзімін кешіктірудің әр күні үшін мерзімі кешіктірілген төлем сомасынан 0,2 (нөл бүтін оннан екі) %	
5.1.	Негізгі борышты уақтылы өтеу және (немесе) сыйақы төлеу бойынша міндеттемелерді бұзғаны үшін өсімақы	Занды тұлға құрмаған жеке тұлғалар үшін	
		90 (тоқсан) күнтізбелік күнге дейін мерзімін кешіктірудің әр күні үшін мерзімі кешіктірілген төлем сомасынан 0,2 (нөл бүтін оннан екі) % мерзімін кешіктірудің 91 (тоқсан бірінші) күнінен бастап мерзімін кешіктірудің әр күні үшін мерзімі кешіктірілген төлем сомасынан 0,03 (нөл бүтін жүзден үш) %, бірақ БҚШ колданыста болған әр жыл үшін берілген қарыз сомасынан 10 (он) %-дан көп емес	
5.2.	Қарыз қаражатын мақсатына сай пайдаланбағаны үшін айыппұл	мақсатына сай пайдаланылмаған қарыз сомасынан 25 (жиырма бес) %	Банктің УО шешімі бойынша
5.3.	БКК/БҚШ бұзумен негізгі борышты ішінара/мерзімінен бұрын толық төлеу үшін айыппұл	1) ішінара мерзімінен бұрын өтеу үшін -жоқ 2) толық мерзімінен бұрын өтеу үшін (оның ішінде БКК/БҚШ бұзумен) - негізгі борыштың мерзімінен бұрын өтелетін сомасынан 1 (бір) % (max - 500 000 (бес жүз мың) теңге)	БҚШ мерзімінен бұрын өтеу күнінде
5.4.	Басқа ЕДБ-да қайта қаржыландырылған кезде БКК/БКК шеңберінен тыс БҚШ бұзумен негізгі борышты толық мерзімінен бұрын өтеу үшін айыппұл	негізгі борыштың мерзімінен бұрын өтелетін сомасынан 5 (бес) %	БКК/БКК шеңберінен тыс БҚШ-ты бұзу күнінде

Осы құжаттың 5.3. және 5.4. тармағына ескертпе:

1) Айыппұл негізгі борышты толық мерзімінен бұрын өтеген жағдайда ұсталады:

- 1 (бір) жылға дейінгі мерзімге берілген қарызды алған күннен бастап 6 (алты) ай ішінде;

- 1 (бір) жылдан асатын мерзімге берілген қарызды алған күннен бастап 12 (он екі) ай ішінде;

2) БКК шеңберінен тыс бірнеше БҚШ бойынша негізгі борышты толық мерзімінен бұрын өтеген кезде, осы айыппұл әр БҚШ бойынша қолданылады. Бір БКК шеңберіндегі бірнеше БҚШ бойынша негізгі борышты мерзімінен бұрын өтеу бір мерзімінен бұрын өтеу ретінде түсініледі, әрі бірнеше БКК болған жағдайда осы айыппұл әрбір БКК қимасында жеке қолданылады.

3) Негізгі борышты толық мерзімінен бұрын өтеу үшін айыппұл мынадай жағдайларда алынбайды:

- БКК шеңберінде берілген қарыздар бойынша ашық қолжетімділік кезеңі болған кезде (БКК лимитін жабумен толық өтеуді қоспағанда);

- кәсіпкерлік қызметті заңды тұлға құрмай жүзеге асыратын жеке тұлғаларға берілген, нысаналы мақсаты болып тұрғын жылжымайтын мүлікті сатып алу табылатын қарыздар бойынша;

- "Овердрафт" бағдарламасы бойынша берілген қарыздар бойынша;

- Қарызды ішкі қаржыландыру кезінде (Банкте).

5.5.	Банктің уәкілетті органы айқындаған және БКК/БҚШ-та көрсетілген мөлшерде айналымдарды аудару және/немесе Банкте ұстап тұру бойынша шарттарды орындамағаны/уақтылы орындамағаны/тиісті түрде орындамағаны үшін айыппұл	аударылуы/айналымдарды ұстап тұруы тиіс сомалардан 0,1 (нөл бүтін оннан бір) %	Банктің УО шешімі бойынша
5.6.	Орындау мерзімі бар БКК/БҚШ бойынша міндеттемелерді орындамағаны/уақтылы орындамағаны/тиісті түрде орындамағаны үшін өсімақы	мерзімін кешіктірудің әр күні үшін БКК/БКК шеңберіндегі барлық БҚШ бойынша негізгі борыш қалдығынан 0,01 (нөл бүтін жүзден бір) % (БКК бойынша міндеттемелерді орындамағаны үшін)	
5.7.	Орындау мерзімі жоқ БКК/БҚШ бойынша міндеттемелерді орындамағаны үшін айыппұл	БҚШ/БКК шеңберіндегі барлық БҚШ бойынша негізгі борыш қалдығынан 0,5 (нөл бүтін оннан бес) % (БКК бойынша міндеттемелерді орындамағаны үшін)	Банктің УО шешімі бойынша
6. Ескертпе			
6.1.	Кредит берудің жеке өнімдері бойынша комиссиялар мен тұрақсыздық төлемдерінің (айыппұл, өсімақы) басқа мөлшерлері қарастырылуы мүмкін. Егер кредит беру өнімінде (бағдарламасында) комиссиялар мен тұрақсыздық төлемдерінің (айыппұл, өсімақы) басқа мөлшерлері қарастырылған болса, кредит беру өнімінде (бағдарламасында) белгіленген комиссиялар қолданылады.		
6.2.	Банктің бастамасы бойынша шарттарды өзгерткен кезде, Банктің УО шешімінде өзгеше көзделмесе, комиссиялар алынбайды ² .		
6.3.	Шетел валютасындағы қарыздар бойынша комиссиялар теңгемен белгіленген комиссиялар мөлшеріне байланысты (төлем күніндегі ҚР ҰБ бағамы бойынша) БКК/БҚШ валютасында алынады.		
6.4.	Комиссиялар және тұрақсыздық төлемдерінің (айыппұл, өсімақы) мөлшері, комиссия төлеу тәртібі және мерзімдері тиісті уәкілеттіліктері бар Банктің УО шешімінің негізінде өзгертіледі.		
6.5.	Комиссиялар мөлшері Банктің Директорлар кеңесі бекіткен Банктегі операцияларды жүргізудің жалпы шарттары туралы ережелерде көрсетілген шекті мәндерден аспауы тиіс.		
6.6.	Тұрақсыздық төлемінің (айыппұл, өсімақы) мөлшері Банктің Кредиттік саясатында көрсетілген кредиттік өнімдердің шарттары дәлізінде белгіленген шекті шамалардан аспауы тиіс.		

¹Аралас БКК - түрлі қаржыландыру формасымен Банктің өз қаражаты есебінен клиентті қаржыландыруды қарастыратын Бас кредиттік келісім (кредиттер және құжаттамалық операциялар).

² Банктің УО шешімінде Банктің бастамасы бойынша "Комиссия _____" қолданылмайды деп көрсетіледі.

БКК - Кредит беру жөніндегі бас кредиттік келісім

БҚШ - Банктік қарыз шарты

БКШ - банк кепілдігін ұсыну туралы шарт

УО - Уәкілетті орган